Есеп берілсін
26-04-2024

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

28.03.2024 № 2301-24-5-21/4514

«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына
Атырау қаласы,М.Әуезов көшесі,28 а
87122 30 82 32

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Сізге, «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Эльдар Куанышкалиев Ташимовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 9 976 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы 2024 жылғы 19 ақпаны шыққан шешім көшірмесін және атқару парағын орындау үшін жолдайды.

Қосымша: Шешім көшірмесі және атқару парағы -1 дана.

Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы **О.Даурешова**

Орынд.: Мұхтау Ш. Т.
тел.: 87122-20-51-38, 712-2467@sud.kz

Құжатты жасаған: МҰХТАУ Ш. Т., 87122-20-51-38, 712-2467@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: ДАУРЕШОВА О. Ш., 28.03.2024 10:46

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі оң

2301-24-5-21/4514 28.03.2024

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЖОҒАРЫ СПОРТ ШЕБЕРЛІГІ МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
Кіріс № 40
«26» 04 2024 ж.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Специализированный межрайонный экономический суд Атырауской области

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 2301-23-00-2/3071-2

Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 19.02.2024 ж. талап қоюшы

"Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

(талапкерлердің Т.А.Ә)

Жк Ташимов Эльдар Куанышкалиевич

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: Жеке кәсіпкер Эльдар Куанышкалиевич Ташимовтан «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 36 613 (отыз алты мың алты жүз он үш) теңге тұрақсыздық айыбы, 299 (екі жүз тоқсан тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 27.03.2024 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы»

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, ұйымдар мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар, азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хат жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрлеу мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компанияның атауы: "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

БСН: 141240013435

Тіркеу мерзімі:15.12.2014

Меншік нысаны: Жеке меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ , ЖСК KZ166010141000214076

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, АТЫРАУ, г.Атырау,, Ауэзова 28, корп.а

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, АТЫРАУ, г.Атырау,, Ауэзова 28, корп.а

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрлеу мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Т.А.Ә.: Жеке кәсіпкер Эльдар Куанышкалиевич Ташимов

Туған жылы: 26.11.1988

ЖСН: 881126301315

Туған жері: КАЗАХСТАН, АТЫРАУСКАЯ, КУРМАНГАЗИНСКИЙ РАЙОН

Құжаттың нөмірі 016779642

Банк:"Kaspi Bank" АҚ

Берілген күні 03.06.2005 жылы ҚР ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ, Құрманғазы, Құрманғазы, с.Суюндик 18, кв.8

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағын сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумаге.

*ақпараттық "Төрелік" мемлекеттік жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и суда

КӨШІРМЕ

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ,
манғазы, Құрманғазы, с.Суюндик 18, кв.8

дандық және оған теңестірілген соттың
ьясы — Даурешова Оксана Шакимардановна

дандық және оларға теңестірілген сот
імшісінің сот отырысының бас маманы — Мұхтау Шырын Таласбайқызы
тшысы

Шығарылу күні 27.03.2024 жыл

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

ры

дылары
келісім-

р талап
тенген.
ртқа қол
қарашаға

ындалмай

"Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1
тармағы.
Документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном
носителе.
"Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректер мен мәліметтер.
Содержащие данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронной цифровой подписью.

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 ақпан №2301-23-00-2/3071 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Эльдар Куанышкалиевич Ташимов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 36 163 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі З.Ғ.Ғабдол
Жауапкер Э.К.Ташимов
Прокурор М.Қыстаубаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 12 қазанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №126 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Автокөлік жөндеу бойынша жұмыстар» орындауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 1 247 000 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойғаннан кейін 25 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 6 қарашаға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, жұмыстар орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, оны нақтылап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер талапты мойындап, міндеттемені толық көлемде орындамауға себеп техникалық ерекшеліктегі сәйкессіздік екенін, яғни жөндеуге берілген автокөліктің моторы жарамсыз болып, жөндеуге келмегенін, алайда мотордың кейбір жөнделуі керек бөлшектері техникалық ерекшелікте жазылмағанын көрсетті.

Прокурор талап қанағатандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 12 қазанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №126 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Автокөлік жөндеу бойынша жұмыстар» орындауға міндеттенген. Орындау мерзімі – 2023 жылдың 6 қарашаға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына арналған «Автокөлік жөндеу бойынша жұмыстар» орындалмағанын көрсетті.

Тараптардың арасындағы 2023 жылғы 12 қазандағы мемлекеттік сатып алу туралы №126 шарт 2023 жылғы 26 желтоқсанда бір жақты бұзылған.

Жауапкер өкілі шарттың міндеттемелерін орындамағанын жоққа шығармады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 2023 жылғы 6 қарашадан 6 желтоқсанға дейін есептелген 29 күнге 36 163 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, жауапкерден талап коюшының пайдасына 36 163 теңге тұрақсыздық айыбы, 299 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 272 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Эльдар Куанышкалиевич Ташимовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 36 163 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Эльдар Куанышкалиевич Ташимов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Эльдар Куанышкалиевич Ташимовтан «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 36 613 (отыз алты мың алты жүз он үш) теңге тұрақсыздық айыбы, 299 (екі жүз тоқсан тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Эльдар Куанышкалиевич Ташимовтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс:

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2024 жылы «27» наурызы енді.

Судья О.Ш.Даурешова

« » бетте тігілді,
« » парақта нөмірленді
Судья О.Ш.Даурешова